



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АДАМ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАНМЕН, МАМАН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚПАЙДЫ



Зейнетке шығу. Осы екі сөздің өзінде бір дәуірдің аяқталғанындай әсер бар екені шындық. Кеше ғана танертең жұмысқа асығып, әріптестерімен бірге қызмет атқарып жүрген адам келесі күні «зейнеткер» атанады.

(Жалғасы 2-бетте)



СЕРПІН

## Е-NOTARY ПЛАТФОРМАСЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

1 шілдеден бастап күшіне енген еліміздің Конституциясы адам құқықтарын қорғауға, «Заң мен тәртіп» қағидатына және цифрлық трансформацияға негізделген мемлекет пен азамат арасындағы қатынастардың жаңа үлгісін бекітті.

Әділет министрлігі, өз кезегінде, құқық қолдану практикасы мен азаматтардың өтініштеріне жүйелі түрде талдау жүргізеді. Атап айтқанда, ең өзекті мәселелердің бірі – нотариус жасаған атқарушылық жазба және оны кейіннен жеке сот орындаушының орындауы болып отыр.

Біріншіден, атқарушылық жазба санының жылына 2 миллионнан асуына байланысты, ең алдымен борышкерлерді уақытылы хабардар ету және олардың қарсылық білдіру құқығын іске асыруы бойынша шағымдар саны артты.

Айта кету керек, өткен жылғы наурыздан бастап eGovMobile платформасында атқарушылық жазба бойынша – өтініш беруден бастап азаматтың қарсылық білдіру құқығын іске асыруға дейінгі цифрлық шешімдер іске қосылды. Нотариус борышкерге атқарушылық жазба көшірмесінің «электрондық үкімет» порталы және SMS арқылы жеткенін тіркей отырып жолдай бастады. Борышкер онлайн режимде қарсылық білдіруге немесе берешегін мойындауға мүмкіндік алды.

Сонымен, осы кезеңде (2025 жылғы наурыздан бастап) 2,5 миллионнан астам атқарушылық жазба жасалып, олардың шамамен 700 мыңына онлайн режимде қарсылық берілді.

Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, іске асырылған жоба жеткіліксіз болып шықты. Осыған байланысты заңнамалық реттеуді де, жасанды

интеллектті қолдана отырып, жаңа цифрлық құралдарды пайдалануды да одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындады.

Екіншіден, тәжірибеде анықталған мәселелер, әрине, қосымша кепілдіктерді заң деңгейінде бекітуді талап етті. Осы ретте, ағымдағы жылдың 8 шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша заңға қол қойды. Түзетулер нотариаттық әрекеттерді, әсіресе, атқарушылық жазбаға қатысты әрекеттерді жасау кезінде кемшіліктерді жою және барынша жаңа цифрлық шешімдерді қолдану арқылы азаматтардың құқықтарын қорғауды біршама күшейтті.

Бұдан басқа, азаматтың құқықтарын қорғау нотариустардың атқарушылық жазбаны жасау кезінде ғана емес, жеке сот орындаушының мәжбүрлеп орындату кезеңінде де қамтамасыз етілуі тиіс. Сондықтан заңнаманы жаңғырту жұмыстары ағымдағы жылдың маусым айының соңында атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша заңға қол қойылған кезеңді де қамтыды. Оның ережелері атқарушылық рәсімдердің ашықтығын арттыруға және тараптардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Осы өзгерістердің цифрлық шешімі – бұрын 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген және AdiletGov жүйесімен интеграцияланған «Тараптар кабинеті» жетілдірілген модулі. Бұл кабинет арқылы өндіріп алушы мен борышкер кез келген уақытта іс материалдарымен танысып, жасалған әрекеттер мен қабылданған шараларды тексере алады, атқарушылық іс жүргізудің ағымдағы мәртебесін көріп, сондай-ақ электрондық форматта өтініштер мен өтінішхаттар жолдау мүмкіндігіне не болды.

(Жалғасы 6-бетте)



ҚАЗАНАМА

Б

еу, жалған дүние-ай! Бекжан бауырым да кетті ме?! Алла алдынан жарылқасын! Пейіште рухы шалқи бергей! Суық хабар төбемізден жай түскендей қабырғамызды қайыстырып кетті. Өмірден Бекжан ақын бауырымыз өтіпті!?. Иә, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Бекжан Әшірбаев дүниеден озыпты.

## «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ» ЕМЕС... КӨРНЕКТІ АҚЫН КЕРЕМЕТ ЕДІ...

Қаралы хабарды жеткізген белгілі композитор Қалдыбек Құрманәлі әдеттегідей шырылдап тұр. Бірден Ислам Әбішке, Қасымхан Бегманов ағаларыма хабарластым. Әлібек Шегебай ауылда жүр екен. Асқар Дүйсенбі бауырым Бекжанның үйіне барған жерден хабарласып, қаралы хабарды растап, Бекжанды елге алып кетуге ауылдан анасы, туыстары шыққанын хабарлады.

Алла артының қайырын берсін.

Бекжан атына сай бек болмысты, бекзат бітімді ақын еді... Асықпайтын, саспайтын, артық қадам баспайтын. Байдың баласындай балпаң басып, жылы жымып қойып, асықпай жүретін Бекжан бауырымыз бұлай аяқ астынан ғарышқа самғап ұшып кетеді деп кім ойлаған?! Жалған дүние деген осы да?!.

Ол жаңа өрнекті, терең поэзиясы бар парасатты ақын еді. Бірақ көпшілікке айтыскер ретінде тез танылды. Астары терең, теңеуі ерен кестелі сөз, кесек ой, көркем тіркестерін көрермен түсінем дегенше айтыс бітіп кететін. Көрермен түгілі айтыскерлердің өздері, айтыскерлер түгілі айтыстың бас қазысы Жүрсін Ерманның өзі де түсіне бермейтін. Ол бұл туралы Бекжан інісіне арнаған өлеңінде «Сенің сенбіде айтқан сөзіңді біз сәрсенбіде зорға түсініп жатамыз» деп тура тауып жазды.

(Жалғасы 4-бетте)

3-БЕТ



«Таза Қазақстан»  
жалпыхалықтық  
қолдауға ие

6-БЕТ



Мемлекеттік сатып  
алу  
цифрлық форматқа  
көшті

8-БЕТ



Ала жіп

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АДАМ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАНМЕН, МАМАН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚПАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамның да оған деген көзқарасы өзгере бастайды. Енді ол – еңбек нарығының белсенді қатысушысы емес, әлеуметтік қолдауды қажет ететін азамат деген түсінік қалыптасады. Бірақ осы жерде «адам зейнет жасына жеткенде оның білімі, кәсіби білігі, өмірлік тәжірибесі де зейнетке шыға ма?» деген қарапайым сұрақ туындайды.

Қазақстан үшін бұл мәселенің ауқымы да үлкен. 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елімізде 2 млн 538 мың зейнеткер бар. Сол кездегі орташа жиынтық зейнетақы мөлшері 157 843 теңге болыпты. Бұл – Қазақстан халқының елеулі бөлігі. Ал олардың ішінде еңбекке қабілетті, білімді, кәсіби тәжірибесі мол, әлі де жұмыс істеуге ниетті адамдар қанша? Ең бастысы – мемлекет пен қоғам сол әлеуетті қаншалықты пайдаланып отыр? Мәселенің түйіні осында.

Зейнетке шыққан азаматтардың барлығы еңбек нарығынан кетіп қалған жоқ. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенген 2024 жылғы

да 76,7 пайызға жеткен. Демек, адамның жасы ұлғайған сайын білім мен кәсіби дағдының маңызы төмендемейді. Керісінше, еңбек нарығында қалып қалудың маңызды факторына айналады. Бұл Қазақстан үшін де ойланатын мәселе. Егер бізде 30-40 жыл еңбек еткен жоғары білімді мұғалім, дәрігер, инженер, заңгер, журналист, ғалым, экономист немесе басқарушы мамандар бар болса, олардың



күнде қалыптаспайды. Мысалы, қырық жыл медицина саласында еңбек еткен дәрігердің клиникалық тәжірибесін университетті жаңа бітірген жас маман бірнеше айда игере алмайды. Ондаған жыл мектепте сабақ берген ұстаздың сыныппен жұмыс істеу әдісін кітаптан толық үйрену мүмкін емес.

Өндірісте ұзақ жыл еңбек еткен инженердің технологиялық процестердегі практикалық

дың еңбек нарығына қатысуы жөнінен Жапония ерекше назар аудартады. Бұл мемлекетте 60-64 жастағы адамдардың жұмыспен қамтылуы 70 пайыздан жоғары екен. 2025 жылы Жапонияда 65-69 жастағы адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі 54,5 пайыз, 70-74 жастағыларда 36,2 пайыз, ал 75 жастан аскандарда 12,6 пайыз болған. 65 жастан асқан адамдардың жұмыспен

...егер сол тәжірибелі ұстаз жас маманға тәлімгер болса ше? Егер жас маман жаңа әдістер мен цифрлық технологияларды енгізіп, тәжірибелі ұстаз оған кәсіби шеберлігін үйретсе ше? Бұл жағдайда бәсекелестік емес, сабақтастық пайда болады. Сол себепті еңбек нарығында «жастарға жұмыс - зейнеткерлерге демалыс» деген қарапайым түсініктен гөрі, «жастарға мүмкіндік – аға буынға тәжірибесін беру мүмкіндігі» деген модель тиімдірек.

мәлімет бойынша, елімізде 298,5 мың зейнеткер жұмыс істепті. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 92,7 мың адамға немесе 45,1 пайызға көп. Осы көрсеткіштің өзі көп нәрсені аңғартады. Біріншіден, зейнеткерлік жас – адамның еңбек ету мүмкіндігінің автоматты түрде аяқталатын шегі емес. Екіншіден, егде жастағы азаматтардың еңбек нарығына қайта келуі немесе одан кетпеуі қоғамдағы демографиялық және экономикалық өзгерістермен тікелей байланысты. Үшіншіден, мемлекет алдында осы мәселе істегісі келетін зейнеткерге жұмыс табу ғана емес, оның тәжірибесі мен біліктілігіне сәйкес жұмыс ұсыну тұрғысында жаңа міндет пайда болып отыр. Өйткені мәселе кез келген жұмыспен қамтуда емес, адамның ондаған жыл бойы жинаған кәсіби капиталын тиімді пайдалануда.

Жоғары білімді зейнеткерлер қанша? Бұл сұрақты айналып өтуге болмайды. Өкінішке қарай, Қазақстанның ашық ресми статистикасында барлық зейнеткерлерді білім деңгейіне қарай – жоғары білімді, техникалық және кәсіптік білімді, орта білімді деп тұрақты түрде жіктейтін нақты көрсеткіш жоқ. Сондықтан «зейнеткерлердің пәлен пайызы жоғары білімді» деп дәлелсіз сан келтіре алмаймыз. Бірақ халықаралық деректер білімнің адамның еңбек нарығындағы мүмкіндігіне әсері өте жоғары екенін көрсетеді. ЕЫДҰ-ның 2025 жылғы зерттеуіне сәйкес, 55-64 жастағы адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі білім деңгейіне қарай айтарлықтай өзгереді. Жоғары білім немесе өзге де жоғары деңгейдегі біліктілігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуы орта есеппен 75,3 пайыз, ал орта білімнен төмен білімі бар адамдарда 49,2 пайыз болған. Ал ЕЫДҰ елдері бойынша 2023 жылы 55-64 жастағылардың жұмыспен қамтылуының орташа деңгейі 50,4 пайыз болса, жоғары білімділер арасын-

тәжірибесін зейнетке шыққан сәтте біржола жоғалтып алу – ел үшін тиімсіз.

Қазақстанда бұл мәселені шешуге бағытталған алғашқы нақты тетіктердің бірі – «Алтын жас» бағдарламасы. Алматыда бағдарлама іске қосылар алдында жүргізілген зерттеу өте қызықты нәтиже беріпті. Сауалнамаға 1076 зейнеткер қатысқан екен. Олардың 48 пайызы еңбек қызметін жалғастырғысы келетінін айтыпты. Бұл адамдардың 45 пайызы қосымша табыс үшін, 40 пайызы өз білімін басқаларға жеткізу үшін, 15 пайызы жалғыздықтан арылып, қоғаммен байланысын сақтап қалу үшін жұмыс істегісі келетінін білдіріпті. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе зейнеткердің жұмыс істеуге деген ниеті тек ақшаға байланысты еместігі. Аталмыш бағдарлама аясында 2024 жылы кемінде 500 адамды, 2025 жылы 1000 адамды, 2026 жылы 1500 адамды қамту жоспарланған болатын. 2026 жылдың сәуіріндегі мәлімет бойынша, «Алтын жас» жобасы аясында 500 зейнеткер жұмыс істеп жүргені хабарланды. Бұл жақсы бастама. Бірақ елімізде 2,5 миллионнан астам зейнеткер бар кезде, олардың арасындағы жұмыс істеуге ниетті азаматтардың мүмкіндігін тек бірнеше жүз немесе бірнеше мың адаммен шектеу жеткілікті ме деген сауал туындайды.

Мәселенің екінші жағы – жұмыс берушінің көзқарасы. Егде жастағы адам жұмысқа орналасқысы келгенмен, оны қабылдауға дайын жұмыс беруші әрдайым табыла бермейді. Мұнда жасқа қатысты «жасы үлкен адам жаңа технологияны меңгере алмайды», «ол өзгерістерге баяу бейімделеді, жас мамандарға орын босатуы керек» деген сияқты таптаурын түсініктер бар. Осындай көзқарас кейде тәжірибелі маманның еңбек нарығындағы мүмкіндігін шектейді. Мұндай ұғым біржақты. Өйткені кәсіби тәжірибе бір

білімі де ерекше құндылық. Сондықтан мәселе «жас маман ба, әлде зейнеткер ме?» деген таңдауға тірелмеуі керек. Бірі – жаңалық әкелсе, екіншісі – тәжірибе әкеледі. Екеуін қарсы қоюдың орнына, бір-бірін толықтыратын жүйе қалыптастыру қажет.

Бұл орайда мүмкін Қазақстанға арнайы «тәлімгер-маман» институтын қалыптастыру керек шығар? Зейнеткерлікке шыққан тәжірибелі маман міндетті түрде күні бойы жұмыс істеуге тиіс емес. Оған басқа мүмкіндік беруге болады. Мәселен, тәжірибелі дәрігер аптасына бірнеше сағат жас дәрігерлерге кеңес беріп, күрделі жағдайларды талқылауы мүмкін. Ұстаз жас мұғалімдерге тәлімгер болады. Инженер жас мамандарға өндірістік процестердің қыр-сырын үйретеді. Заңгер жас қызметкерлерге практикалық кеңес береді. Журналист жас әріптестеріне сұхбат алу, ақпаратты тексеру, мәтін жазу, кәсіби этика жөнінде тәжірибесін береді. Бұл – зейнеткерді еңбекке қайта мәжбүрлеу емес, тәжірибені сақтап қалудың жаңа формасы. Ол үшін толық жұмыс күні емес, жартылай жұмыс, кеңесшілік, жобалық қызмет, қашықтан жұмыс, тәлімгерлік сияқты икемді форматтарды дамытуға болады.

Жалпы бұл мәселе әлемнің көптеген елдерінде кәзірдің өзінде күн тәртібінде тұр екен. ЕЫДҰ сарапшылары халықтың қартаюына байланысты егде жастағы адамдардың еңбек нарығында ұзақ қалуын қамтамасыз ету барған сайын маңызды бола түсетінін атап көрсетеді. Ұйымның зерттеуінде егде жұмысшыларды еңбек нарығына тарту мен ұстап қалу жұмыспен қамтуды айтарлықтай арттыра алатыны көрсетілген. Мұнда басты мәселе – адамды жай ғана жұмыс істету емес. Оның дағдысын жаңарту. Өйткені технология өзгереді. Цифрлық құралдар пайда болады. Жасанды интеллект еңбек процесіне енеді. Кеше ғана бірнеше жыл үйренуді қажет еткен кәсіби құралдардың орнына бүгін жаңа технология келеді. Сондықтан тәжірибелі маманға да жаңа білім қажет. Демек, мемлекет пен жұмыс беруші «ол зейнеткер ғой, оған оқудың қажеті жоқ» деген түсініктен бас тартуы керек. Керісінше, «тәжірибесі бар адамға жаңа технологияны үйретсек, біз екі артықшылықты біріктіреміз» деген ұстаным қажет.

Егде жастағы адамдар-

камтылу деңгейі қатарынан 22 жыл бойы өсіп отырған. Жапония мемлекетінде егде жастағы адамдардың еңбек нарығында қалуына жағдай жасауға бағытталған заңнамалық және институционалдық шараларды қолдану тәжірибесі керісінше тағы бір маңызды мәселені көрсетеді. Егде жастағы адамды кез келген жұмысқа орналастыруда оның кәсіби біліктілігіне, денсаулығына, еңбек жағдайына және еңбегінің әділ бағалануына мән беру керек. Өйткені тәжірибелі маманды төмен жалақылы, оның кәсіби деңгейіне сәйкес келмейтін жұмысқа ығыстыру – еңбек әлеуетін тиімді пайдалану емес.

Қоғамда «зейнеткер жұмыс істесе, жас адамға жұмыс орны азаяды» деген пікір де бар. Сарапшылар бұл мәселені де қарапайым формуламен шешуге болмайтынын айтады. Расында тәжірибелі ұстаздың мектепте қалуы жас мұғалімге орын бермеуі мүмкін деген қауіп бар. Бірақ егер сол тәжірибелі ұстаз жас маманға тәлімгер болса ше? Егер жас маман жаңа әдістер мен цифрлық технологияларды енгізіп, тәжірибелі ұстаз оған кәсіби шеберлігін үйретсе ше? Бұл жағдайда бәсекелестік емес, сабақтастық пайда болады. Сол себепті еңбек нарығында «жастарға жұмыс – зейнеткерлерге демалыс» деген қарапайым түсініктен гөрі, «жастарға мүмкіндік – аға буынға тәжірибесін беру мүмкіндігі» деген модель тиімдірек.

Қазақстанның еңбек нарығы өзгеріп жатыр. 2026 жылдың бірінші тоқсанында елдегі жұмыс күшінің саны 9,838 млн адам, жұмыспен қамтылғандар саны 9,392 млн адам болды. Жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады. Сонымен бірге технологиялық өзгерістер, жасанды интеллект, кадр тапшылығы және халықтың қартаюы еңбек нарығына жаңа талаптар қойып отыр. Осындай жағдайда біз қолымызда бар адами ресурсты толық пайдалануға тиіспіз. Ал тәжірибелі мамандар – сол ресурстың маңызды бөлігі. Сондықтан мемлекет те, бизнес те «зейнеткер жұмыс істей ала ма?» деп емес, «оның тәжірибесін қоғам қалай тиімді пайдалана алады?» деген сауал төңірегінде ойланып, әрекет етуі керек. Өйткені адам зейнетке шықса да оның тәжірибесі зейнетке шықпайды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## ЖАДЫНАМА

23 тамызда Құрылтай депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл күні ел азаматтары өз таңдауын жасау үшін сайлау учаскелеріне барады. Бірақ сайлау күні өркімнің өзінің тұрақты тіркелген мекенжайында болуы міндетті емес. Біреу қызмет бабымен басқа қалаға шығады, енді біреу туыстарына барады немесе жол үстінде болуы мүмкін. Осындай жағдайда «Мен басқа өңірде болсам, қалай дауыс беремін?» деген сұрақ туындайтыны заңдылық. Бұл сұрақтың жауабы бар. Тиісті заңнама азаматқа сайлау күні өзінің тіркелген жерінен тыс жерде болса да дауыс беру мүмкіндігін береді. Ол үшін бар болғаны алдын ала есептен шығару куәлігін алу қажет. Бұл жерде ең маңыздысы – мәселені соңғы күнге қалдырмау.

# ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНДА ӘР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ

Есептен шығару куәлігі сайлаушының тұрақты тіркелген жеріндегі учаскелік сайлау комиссиясынан алынады. Ол үшін азамат комиссияға барып, тиісті өтінішін беріп, жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі керек. Құжатты алу мерзімі де белгіленген. Құрылтай депутаттарының сайлауына байланысты есептен шығару куәліктері 7 тамыздан 22 тамыз сағат 18:00-ге дейін беріледі. Сондықтан 23 тамызда басқа қалада немесе басқа өңірде болатынын білетін азамат үшін бүгіннен бастап осы мәселені нақтылап алған маңызды. Мысалы, сайлаушы Астанада тіркелген, бірақ сайлау күні Алматыда болады делік. Мұндай жағдайда ол Астанадағы өзінің учаскелік сайлау комиссиясына барып, есептен шығару куәлігін алады. Ал сайлау күні Алматыдағы нақты орналасқан жеріндегі сайлау учаскесіне барып, жеке басын куәландыратын құжаты мен есептен шығару куәлігін көрсетеді. Осы құжаттардың негізінде ол тиісті учаскедегі сайлаушылар тізіміне енгізіліп, дауыс бере алады. Яғни азаматтың басқа өңірде болуы оның сайлау құқығын жүзеге асыруына кедергі келтірмейді. Бірақ ол үшін қажетті рәсімді алдын ала орындау керек.

Есептен шығару куәлігі азаматқа өзінің тіркелген елді мекеніндегі кез келген сайлау учаскесіне барып дауыс беру үшін берілмейді. Мәселен, азамат Астанада тіркелген және сайлау күні де Астанада болады. Бірақ өзінің тұрақты учаскесіне барғысы келмей, қаладағы басқа учаскеде дауыс беруді жоспарласа, осы мақсатпен есептен шығару куәлігін ала алмайды. Өйткені бұл құжаттың мәні – сайлаушының сайлау күні өзінің тұрақты орналасқан жерінен тыс жерде болуына байланысты дауыс беруіне мүмкіндік жасау. Демек, «басқа учаскеде дауыс беру» мен «басқа елді мекенде дауыс беру» ұғымдарын шатастырмаған жөн.

Тағы бір маңызды талап бар. Есептен шығару куәлігі бір рет беріледі. Егер азамат оны жоғалтып алса, телнұсқасы берілмейді. Сондықтан құжатты алған соң оны сайлау күніне дейін сақтап, дауыс беруге барғанда жеке басын куәландыратын құжатымен бірге алып жүруі керек. Ал егер азаматтың өзі куәлікті алуға мүмкіндігі болмаса, заңда белгіленген тәртіппен сенімхат бойынша өкілі алуына мүмкіндік қарастырылған.



Сайлау процесінде бір жағынан азаматтың дауыс беру құқығын қамтамасыз ету, екінші жағынан дауыс берудің белгіленген тәртібін сақтау маңызды. Есептен шығару куәлігі осы екі міндеттің арасындағы тетіктердің бірі деуге болады. Ол сайлаушыға өзінің тіркелген жерінде болмаған жағдайда таңдау жасауға мүмкіндік береді, сонымен бірге оның қай жерде дауыс бергенін есепке алуға жағдай жасайды. Сондықтан сайлау күні сапарда болатын азамат үшін мәселе тек «қайда дауыс беремін?» деген сұрақпен шектелмейді. Ең әуелі «қажетті құжатты қайдан және қашан аламын?» деген мәселені шешіп алған жөн. 23 тамызда басқа өңірде болуды жоспарлап отырған азаматтар үшін уақыт азайып келеді. Ал, есептен шығару куәлігін алу мерзімі 22 тамыз сағат 18:00-де аяқталады. Сондықтан сайлау күні туған жерінде немесе тұрақты тіркелген мекенжайында болмайтын азаматтар бұл мүмкіндікті алдын ала пайдаланғаны дұрыс. Өйткені дауыс беру құқығы – тек құқық ғана емес, азаматтың ел болашағына қатысты өз таңдауын білдіру мүмкіндігі. Ал қай жерде жүрсе де, осы мүмкіндікті пайдалануға заң мүмкіндік береді. Ең бастысы – қажетті рәсімді уақытында орындап, есептен шығару куәлігін сайлау күніне дейін алып қою

Зандағы бұл мүмкіндік бір қарағанда қарапайым рәсім сияқты көрінгенімен, сайлау күні басқа өңірде болатын азамат үшін дауыс беру құқығын жүзеге асырудың маңызды тетігі болып отыр. Сондықтан жолға шығар алдында қажетті құжаттарды түгендеп, сайлау күні қай учаскеде дауыс беретініңізді алдын ала анықтап алған абзал.

М. МАМУТОВА,  
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар  
жөніндегі сотының судьясы  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

САРАП

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАУҒА ИЕ

Елімізде 2024 жылдан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз ету және азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Бұл бастама табиғатты қорғауға ғана емес, қоғамда заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған.

Президент бастамасымен қолға алынған бұл жоба бүгінде жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Өйткені, таза әрі жайлы орта қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың немесе коммуналдық қызметтердің міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың туған жеріне деген жанаширлығы мен жауапкершілігінің көрінісі.

Осы бағыттағы құқықтық негізді жетілдіру мақсатында Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 3 маусымдағы бұйрығымен қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың жаңа үлгілік қағидалары бекітіліп, олар 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Жаңа қағидаларға сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне тиесілі ғимараттар мен жер учаскелерін ғана емес, оларға іргелес орналасқан кемінде бес метр аумақтың тазалығын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл аумақта коқыс жиналмауы, шөп уақытылы шабылуы, қыс мезгілінде қар мен мұз тазартылуы

және санитарлық талаптардың сақталуы шарт.

Сондай-ақ тұрмыстық және басқа да қалдықтарды тек арнайы белгіленген контейнерлерге немесе коқыс жинау орындарына шығару міндеттелген. Құрылыс қалдықтарын бейберекет төгуге жол берілмейді. Бұдан бөлек, автокөліктерді көгалдарға, гүлзарларға, саябақтарға және балалар ойын алаңдарына қоюға тыйым салынған. Ұй жануарларын серуендету кезінде олардың қалдықтарын тазалау да мен-

дыру қағидаларын сақтамағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Қазақстан Республикасы Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӨҚБтК) 505-бабына сәйкес абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін бүлдіру немесе жасыл екпелерді жою өкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Құқық бұзушылықтың мән-жайына қарай ескерту жасалуы немесе өкімшілік айыппұл салынуы мүмкін.

Бұдан бөлек, елді мекендердің таза-

*Таза аула, таза көше, таза аңыл мен қала — барлығымыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Егер әркім өз үйінің, маңын, өзіне тиесілі аумақты таза ұстап, заң талаптарын сақтаса, қоршаған ортаның тазалығы мен елді мекендердің көркі де айтарлықтай жақсарады. «Таза Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты — тек көшелерді тазалау емес, қоғамда тазалық мәдениетін, заңға құрметті және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.*

шік иелерінің міндетіне енгізілді. Бұл талаптардың барлығы елді мекендердің көркін сақтау мен тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі таңда заңсыз коқыс төгу фактілерін анықтау тек рейдтік іс-шаралармен ғана шектелмейді. Әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізіліп, тұрғындардың хабарламалары негізінде рұқсатсыз коқыс орындары анықталуда. Бұл азаматтардың қоршаған орта мәселесіне бей-жай қарамай, қоғамдық бақылауға белсенді қатыса бастағанын көрсетеді. Мұндай қоғамдық белсенділік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және заң талаптарының орындалуына оң әсерін тигізеді.

Қолданыстағы заңнамада абаттан-



лығы мен қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысты ӨҚБтК-нің 434-2-бабына сәйкес қоғамдық пайдалану орындарын, көшелерді, саябақтарды, аулаларды және өзге де ортақ аумақтарды ластағаны үшін өкімшілік жауапкершілік көзделген.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, ағымдағы жылдың алты айында

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

## Жемқорлықты жоюдың жаңа тетіктері

Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. Қабылданған өзгерістер мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

Заңдағы маңызды жаңалықтың бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қолданылатын тұлғалар шеңберінің кеңейтілуі. Енді мұндай талаптар мемлекеттік органдар қызметкерлерімен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлеріне және бюджет қаражаты немесе Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыруға қатысатын тұлғаларға да қолданылады.

Бұл мемлекеттік қаражаттың тиімді әрі ашық жұмсалуды қамтама-

сыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кадрлық процестерді толық цифрландыруға ерекше назар аударылды. «Е-қызмет» бірыңғай цифрлық кадрлық жүйесінің заңнамалық негізі бекітіліп, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы кадрлық жұмыстардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру көзделген. Бұл адами фактордың әсерін азайтып, кадрлық шешімдердің объективті қалыптандыруына ықпал етеді.

Заңнамалық өзгерістер мемлекеттік органдар басшыларының

жауапкершілігін де күшейтті. Енді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қажетті шараларды қабылдамаған немесе бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол беруіне ықпал еткен басшылардың жауапкершілігі арта түседі. Бұл басшылардың алдын алу жұмыстарына деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Жалпы алғанда, 2026 жылғы өзгерістер Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа кезеңін қалыптастыруға бағытталған. Заңнамалық жаңашылдықтар мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыруға, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесінің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Алматы облысы  
Әділет департаментінің  
Өкімшілік бөлімі

КИЕ

## КӨП ТІЛ БІЛУ – АРТЫҚШЫЛЫҚ

Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасы, ұлттық болмысымыздың айнасы. Ана тіліміз арқылы халқымыздың тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен дүниетанымы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Сондықтан қазақ тілін сақтау және дамыту – әр азаматтың міндеті.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Оның мәртебесі елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде ерекше орын алады. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін білім беру, мемлекеттік қызмет, бұқаралық ақпарат құралдары және мәдениет салаларында қазақ тілін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп келеді.

Тілдің мәртебесі тек заңмен немесе мемлекеттік бағдарламалармен ғана анықталмайды. Оның шынайы беделі күнделікті қолданысқа байланысты. Егер әр азамат

қазақ тілінде сөйлеп, сауатты жазып, оны құрметтесе, тілдің қоғамдағы орны да нығая түседі. Өсіресе жастардың қазақ тілін заман талабына сай меңгеруі маңызды. Қазіргі таңда ғылым, технология, бизнес және интернет салаларында қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту өзекті.

Қазақ тілін дамыту басқа тілдерді құрметтеуге кедергі емес. Көптілділік – қоғамның артықшылығы. Алайда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру әрқашан басты назарда болуы тиіс. Қазақ тілінің мәртебесі – елдің бірлігі мен ұлттық санасына тікелей қатысты маңызды мәселе. Ана тілімізді құрметтеу, оны күнделікті өмірде қолдану және кейінгі ұрпаққа жеткізу арқылы ғана оның болашағын баянды ете аламыз. Қазақ тілі – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың рухани тірегі.

Гүлдана ТАЛҒАТОВА,  
Кокшетау қаласы мамандандырылған  
тергеу сотының бас маманы-  
сот отырысының хатшысы

Республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарда жоғарыда көрсетілген баптар бойынша 12 575 тұлға өкімшілік жауапкершілікке тартылған. Құқық бұзушыларға миллиондаған теңге көлемінде өкімшілік айыппұл салынып, олардың едәуір бөлігі өндірілген.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, өкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде сот әрбір істің нақты мән-жайына жан-жақты құқықтық баға береді. Егер азаматтың кінәсі дәлелденсе, жаза құқық бұзушылықтың сипатына, кінәні мойындауына, өкінуіне, бұрын жауаптылыққа тартылған-тартылмағанына, сондай-ақ оның отбасылық және материалдық жағдайына қарай жеке дара айқындалады.

Мәселен, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының 2026 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен Н. есімді азамат ауыл ішіндегі электр бағанасының түбіне тұрмыстық қалдықтарды тастағаны үшін ӨҚБтК-нің 434-2-бабының 1-бөлігі бойынша өкімшілік жауаптылыққа тартылды. Сот оның кінәсін мойындауы, жасаған ісіне өкінуі, бұрын өкімшілік жауаптылыққа тартылмағаны және материалдық жағдайын ескере отырып, заңда көзделген мүмкіндікті пайдаланып, өкімшілік айыппұл мөлшерін 30 пайызға қысқартты.

Сонымен қатар соттың қызметі құқық бұзушыны жауапқа тартумен ғана шектелмейді. Сот құқық бұзушылыққа себеп болған мән-жайларды анықтап, олардың жойылуына ықпал ету жөнінде де заңда көзделген шараларды қалыптастырады.

Осындай істердің бірінен Ақтөбе облысы Байғанин аудандық соты Қарауылкелді ауылында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару жүйесінің талапқа сай ұйымдастырылмағанын анықтады. Іс материалдарынан ауылда тұрғындарға арналған контейнерлік алаңдардың жеткіліксіздігі, қалдықтарды орналастыру орындарының нақты белгіленбеуі және қалдықтарды жинау-

дың орталықтандырылған жүйесінің толық ұйымдастырылмағаны белгілі болды. Осыған байланысты сот Ақтөбе облысы бойынша Экология департаментіне тиісті шаралар қабылдау туралы хат жолдаған.

Нәтижесінде Экология департаменті тексеру жүргізіп, анықталған заң бұзушылықтар бойынша кінәлі лауазымды тұлғаны өкімшілік жауаптылыққа тартып, аудан өкімдігіне заң бұзушылықтарды жою және алдағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде жеке-жеке ұсыныс енгізді. Бұл мысал соттың тек құқық бұзушылық үшін жаза тағайындайтын орган ғана емес, құқық бұзушылықтардың себептері мен оған ықпал ететін жағдайларды жоюға, мемлекеттік органдардың заң талаптарын сақтауына ықпал ететін маңызды құқықтық институт екенінің айқын көрінісі.

Осыдан көріп тұрғанымыздай өкімшілік жауапкершіліктің мақсаты тек жазалау емес. Оның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың заңға құрметін арттыру және олардың қоғамдық тәртіпті сақтауға деген жауапкершілігін қалыптастыру. Сондықтан әрбір азамат қоршаған ортаның тазалығын сақтауды өзінің күнделікті өмір салтына айналдыруы қажет.

Таза аула, таза көше, таза ауыл мен қала – барлығымыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Егер әркім өз үйінің маңын, өзіне тиесілі аумақты таза ұстап, заң талаптарын сақтаса, қоршаған ортаның тазалығы мен елді мекендердің көркі де айтарлықтай жақсарады. «Таза Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты – тек көшелерді тазалау емес, қоғамда тазалық мәдениетін, заңға құрметті және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.

Сондықтан жаңа абаттандыру қағидаларын сақтау – әрбір азаматтың заң алдындағы міндеті әрі туған жерге деген құрметінің нақты көрінісі. Заң талаптарын сақтау мен тазалыққа ұқыпты қарау арқылы ғана біз келешек ұрпаққа таза, көрікті әрі жайлы Қазақстанды аманат ете аламыз.

Нұрсұлтан ӘЛІМБЕКОВ,  
Ақтөбе облысы  
Байғанин аудандық сотының  
судьясы

ҚҰРЫЛТАЙ



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының  
Орталық сайлау комиссиясы

# «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ» ЕМЕС... КӨРНЕКТІ АҚЫН КЕРЕМЕТ ЕДІ...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы Бекжанның әр айтысындағы тереңнен маржан тергендей асыл афоризмдері туралы артынан ерген ақберен ақын інісі Мейірбек Сұлтанхан кеше қабырғасы қайысқан қазанамасында моншақтай тізіп келтіріпті...

Токсаныншы жылдардағы өтпелі кезенді суреттеген:

*«Коммунистер орнына  
Корруптистер келді ғой?!.  
Комсомолдар орнына  
Наносозлар келді ғой?!.  
Пионерлер орнына  
Зиян ерлер келді ғой?!.»*

деген шымыр шумағы, жабайы нарықтың жалпы көрінісін тура бейнелеген сөзі сол заманның дәл диагнозы еді...

Бекжан 2007 жылы менің шақыруыммен Республикалық «Жас Қазақ үні» газетінде бас редактордың орынбасары болып істеді. Сонда көрдім оның нағыз сауатты да, жауапты редактор екенін. Бүгінде жарық көргеніне ширек ғасырдан асқан «Қазақ үні» газетінде мен өзім қарамай нөмірді шығара беруіне сеніп тапсырған газеттің санаулы ғана саңлақ басшылары болды, солардың бірегейі Бекжан бауырым еді. Ол тіпті мамандығы суретші өзім секілді дизайннан да хабары бар еді, қатырып жасайтын.

«Қазақ үні» газетіне келген дарынды жастар өсіп кететін. Бекжан да біздің газеттен Қазақстан Жазушылар одағына қарасты республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактордың бірінші орынбасары болып өсіп кетті.

Айтпақшы, мен Бекжанды биыл да «Қазақ үні» газетінің бас редакторы болуға шақырдым. Денсаулығын айтып, сыпайы бас тартып еді. Қашанда

нат Зайыт екеуміз депутаттардың қолын жинап, қолдау жасап едік, құдайға шүкір, жолы болған еді.

Бекжан заңға жүйрік еді. «Заң газетін» басқарды ғой бірер жыл. Саясатқа сауатты еді.

Айтпақшы, әндері демекші, Бекжанның «Көршінің қызы» деген керемет әнін білмейтін, шырқамаған қазақ жоқ. Былдырлаған баладан бастап, да-наға дейін айтты. Иә, ол әсем ән Токтар Серіктің шырқауында әйгілі болған соң көбісі бұл әннің авторы Бекжан екенін біле бермейді, Токтардың әні деп ойлайды.

*«Көршінің қызы керемет еді,*

*Әкесі де оның жақсы адам.*  
*Ауылдан біздің неге кетеді,*  
*Ауа-райы ма жақпаған?»*

Осы әнді естігенде немесе өздері шырқап отырғанда әркімнің есіне көршісінің қызы түсетіні анық.

Немесе, осы әннен кейін талай бозбала көрші үйдің қызына көңіл аударып, көз сала бастағаны анық...

Көршінің қызының бәрі керемет болмауы мүмкін..., бірақ осы әсем ән мен әдемі жырды жазған көрнекті ақын, сазгер Бекжан бауырымыз керемет еді.

Айтпақшы, ол менің де бір-екі өлеңіме ән жазып, ол әнді Бекжанның үйіндегі келін менің Алматыда өткен 50 жасқа толған шығармашылық кешімде шырқаған еді.

Бекжан осыдан бір жарым айдай бұрын маған Астанаға арналған мүшәйрада екінші жүлде алған жырын жіберіпті.

Енді көріп отырмын. Ақпараттар ағынынан байқамай қалғаным, жауап қайтара ал-

*«Аяқтың ғана ізі қап,  
Аяқтамасын ғұмырың...».*

*«Көйлекті таңдап киіп*

*алайық,*

*Кебінде болар бір-ақ түс...»*

Бекжан туып-өскен өңірінде, Жетісайдағы стадионда ән-жыр кешін өткізгелі жүретін... «Қазаға, өзіңіз бастап барасыз ғой» дейтін. Сөйтіп жүргенде хабарсыз кетті. Инсульт алған екен. Ол артынан тағы қайталаныпты. Кейінгі кезде тәуір болғандай еді.

Жетісайда жыр кешін өткіземін деп жүрген Бекжан ақын Жетісай жаққа кетті... Мырзашөлдің мырза шайыры Мырзакентке мәңгілік жай-ғасуға аттанып кетті... Өзің армандаған Жетісайдың стадионында да жырың оқылатын кездер келер алда. Астаналардың асқақ сарайларында да оқылар.

Елің оқиды... Өйткені, кешелі бері бүкіл жырсүйер қауым жоқтап жатыр өзінді... Әлеуметтік желі сен туралы естеліктерге толып кетті.

Биыл 21 сәуірде дәуіріміздің ұлы ақыны Мұқтар Шаханұлының қазасына арнаған:

*«Ұшып кетсе ақын жаны,  
Ел іздейді артындағы.  
Оған жалғыз*

*қайғырмайды  
Отбасы мен жақындары»,* – деген «Қоштасу сөзінде» жазғанындай, өзінді де ар-

*«Қазақ үні» газетіне келген дарынды жастар өсіп кететін. Бекжан да біздің газеттен Қазақстан Жазушылар одағына қарасты республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактордың бірінші орынбасары болып өсіп кетті.*  
*Айтпақшы, мен Бекжанды биыл да «Қазақ үні» газетінің бас редакторы болуға шақырдым. Денсаулығын айтып, сыпайы бас тартып еді.*

Аманхан ағасы оқыстан дүние салғанда ақынның қазасына қабырғасы қайысып, қайғырған жұрттың қалыңдығына таң қалған Бекжанның «апырмай, Әбекеннің жанашыры көп екен, әлеуметтік желі дәл бұлайша дүрлігеді деп ойламаппын» дегені есімізде. Енді сол Аманханын жоқтаған орта Бекжан Әшірбаев сынды дегдарды жоқтап, көл болған көз жасын құрғата алмай, егіліп отыр.

## «ӨМІРДІҢ СЫРТЫНДА ҚАП, СЫҒАЛАП ТҰРАМ БІР КҮНІ»

Құдайдың құдіретін-ай, бұдан ондаған жыл бұрын Бекжанның айтыс ақыны Өзімбек Жанқұлиевтің өліміне арнап жазған «Құлпытас» өлеңіндегі:

*«...өлді ақын... қоғам қалды  
ары жетім,  
Жасымен жуғансиды  
бәрі бетін.  
Қазаны жеткізеді  
ел бір-біріне,  
Айтқандай ауа райы  
мәліметін»,* –

деген өлең жолдарындағы азалы ойдың араға жылдар салып, ақынның қазасында қайталанғанына қайран қаласын. Ақын сол жоқтауды жазып отырғанда Өзімбек Жанқұлиевті алып кеткен сұм ажалдың күндердің күнінде өзіне де ауыз салатындығын аңғарды ма екен деп ойланасын... Мүмкін ойламаған да шығар, бірақ жұртты мойындатқан бір ақиқат – Өзімбек тағдырының айна-қатесіз қайталанғандығы.

Қазір Бекжан Әшірбаевты жоқтаған азалы қауымның пікірінің басында тұратын

Өз басым журналистік қызметімде талай редактордың алдынан өттім. Олардың мінез-құлқы да, басқару тәсілі де бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі еді. Бекжан бұған дейін талай жауапты жұмыстарда болған дықтан ба, көптеген қазақ редакторларына тән кеселмен ауырмай, лауазымды қызметке тойған қозыдай сабырлы қалпында келіп, соңында өзіне жасалған қысымды салқыңқандылықпен көтеріп, ың-шыңсыз басқа салаға ауысып кеткен жалғыз адам.

Бекжанда жоғары қызметке қарадай ісіп-кеуіп іштарлықпен, буына мастанып келетін басшылардағыдай ала-бөтен мінез жоқ еді. Ол басқа салаға ауысып кеткен кезде өзгелерге сырт көзге уақыт ағысы өзгермегендей көрінгенімен, шынын айтқанда, өз басым демалысқа кеткенше Бекжанды іздеп, жетімсіреп жүрдім, оның басқа адам алмастыра алмайтын кісілік парасаттылығы мен биік азаматтығының орны әрдайым ойсырап, білініп тұратын. Бекжанның қаламынан туған жырлардан да оның бойындағы кісіге қылдай жаманшылық жасауды білмейтін ізгі қасиеттері ылғи менмұңдалап көрініп тұрады. Бекжан поэзиясының түпкі айтар түйіні «ей, пендем, аспа-таспа, мына жалған дүние-

*Әр күнге сәлем етіп,  
Өмірдің мәнін ізде.  
Ажалмен уәделесіп,  
Көйгенбұз бәріміз де.*  
Екінші ғұмыры басталған Бекжан Әшірбаевтың шығармашылығына бір-екі ауыз сөзбен баға беру қиын. Оның

өлеңдеріндегі астарлы пәлсапалық ойлар мен ақынның жазу мәнеріндегі құпиясы мол иірімдер кейінгі ұрпақтың көз майын тауысып зерттеп, зерделейтін үлкен бір саласы болмақ. Бекжанның елу екі жылдық ғұмырындағы соңына қалдырған мол мұрасы оған әбден лайық. Ақын өзі жырларында:

*«Том-том кітап қалмас  
менің артымда,  
Табак-табак тойға  
тартқан тамақтай»,* –

деп сыпайылық танытқанымен, оның поэзия әлемінде қалдырған таңғажайып жырлары Бекжанның ерте үзілген ғұмырының жалғасы ретінде тіршілік тоқтағанша оқырманымен бірге жасай береді.

Тек бір өкіндіріп, өзегінді өртейтіні шығармашылық күш-қуаты толысып келе жатқан кемел шағында Бекжанның ғұмырының ерте үзілгендігі. Өзімбек Жанқұлиевке арнаған жоқтау өлеңіндегідей енді еліміздің оңтүстігінен бір ақын алып-ұшып Алматыға келмейді, ол өзіне жүздеген көз тігілетін аудиторияға жайрандап кіріп, университеттің журналистика факультетінің студенттеріне дәріс оқымайды. Уақыт өте келе ақын бейнесінің елеске айналып, оның көзі тірі кезіндегі жанды кейпін тым құрыса бір рет жалт еткізіп, көрсететін



кез келген істің шешімін табуға тырысатын әдетімен ол бас тартып қана қоя салған жоқ, бас редакторлыққа «Дәл қазір жұмыссыз жүрген бір ініңіз бар. Өте сауатты да, жауапты, талантты журналист. Жазуы күшті!» – деп қазіргі «Қазақ үні» газетінің бас редакторы Оразәлі Баймұратты ұсынған еді. Қайран, ақкөңіл, адал, ақын бауырым-ай!?

Бекжан екі жыл бұрын: «Елуге келіп жатырмын, осы уақытқа дейін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алмаған екенмін, биыл ұсынылып жатырмын» дегесін, Парламенттегі бір ақын ағасы, бір айтыскер інісі болып, Ри-

май қалғаным, телефон соғып құттықтап, сөйлеспегеніме енді өкініп отырмын.

Бекжанмен телефон арқылы болса да, сөйлесудің өзі бір керім. Асықпай, баппен, әңгімені нәшіне келтіріп, қатырып айтады.

Анау бір жылдары Алаштың аркалы ақыны Қасымхан Бегманов ағамыз басқарған «Мұстафа Шоқай жолымен» Санкт-Петербургке барған сапарымызда бірге болдық. Сонда әбден әңгіменің көрігін қыздырған едік.

Бекжан кейінгі кезде өлеңді өндірітіп жазып жүр еді. Ол бұл жалған дүние, өткінші ғұмыр туралы да толғап кетіп еді...

тындағы елің енді іздеп жатыр...

Бір кезде Алматыны армандап келген арыны бөлек, дарыны ерек Әмірхан Балқыбек ақынды да ауылға кілемге орап шығарып салып едік. Енді міне, Бекжан ақын кетті Алматыны тастап ауылға...

Аяулы анаң Ұлбике жеңгемізге, артыңда қалған асыл жарың мен алтын асықтай балаларына, туған-туыстарына, ағайынға көңіл айтамыз! Қазақ руханиятына, қалың қазаққа көңіл айтамыз!..

Бақұл бол, бауырым! Пейіште рухың шалқи бергей!

**Қазыбек ИСА, ақын**

ден сен де өтесің» деген адами ойды аңғартып тұрады.

*Адамда болмас аз арман,  
Ай күзеткенше төбесін,  
Құтылған кім бар ажалдан  
Көп болса, жүзге келерсің.  
немесе  
Қу тірлік қана  
сағынышыңды ұрлар,  
Пенденің оған амалы қанша?  
Өмірде мәңгі қалатын  
кім бар,  
Сағынышың ғана  
қалады-қалса...*

Бекжан тірілер үшін таусылмайтындай көрініп, көз алдайтын өмір деген ұлы көштің соңғы тоқтайтын нүктесінің өлім екенін терең түсініп кеткен ақын.

құдіретті күштің жоқтығына өкінетін жұрты мен оқырмандары Бекжанды өмір бойына сағынып өтетін болады.

Бекжанның:  
*Кеудені мұң тырналап,  
Көбейтті күмән құртын,  
Өмірдің сыртында қап,  
Сығалап тұрам бір күн...* – деп жырлағанындай енді ол өмірдің көш керуенімен алға жылжы беретін тірілердің тіршілігіне сырттан ғана көз салып тұратын болады.

**Елеусіз МҰРАТ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

# АТАСЫНЫҢ БАЛАСЫ

Бекжан сырт көзге сәл тұйықтау көрінгенмен, сөйлер сөзге келгенде тілдескенін үйіріп әкететін ділмәр еді. Оны тыңдасаң, ғасырлар қойнауында қалған әжелгі абыз-жыраулар дүниесіне сүңгіп кеткендей болатынсың. Жылы жымыып, әзілге орап, байырғы билер сияқты байыппен толғағанда таңдай қағасың.

Біз алғаш кездескенде-ақ бір-бірімізді жатырқаған жоқпыз. Құдды бір ауылдың адамдарындай шұрқырасып, ағайындай араласып кеттік. Ол кішкентайынан атасының бауырында өскен, құймақұлақ бала еді. Жайлауда қозы-лақ бағып, атасының алдында отырып, қисса-дастандардан сусындаған атасының баласы.

Мен оның шұрайлы, бай тіліне қызығатыным. Ол туралы көзі тірісінде-ақ (осылай деп айту да ауыр) әлеуметтік желіде бірталай әссе жаздым. Оның әңгімесі ғана емес, ауылдың аңғал қазағын еске салатын жүріс-тұрысы да қызық еді, жазуға шақырып тұратын. Әсіресе, «Қара мерседес» дейтін әзілімді оқығанда, теле-

фон арқылы кеңк-кеңк күліп, ризалығын білдірген. «Заң газетінің» Қожанасыры атанып кеткен алаңғасар Аманхан Әлім екеуі менің сүйікті кейіпкеріме айналып үлгерген. Екеуінің дене бітімі де, жаратылысы да қарама-қайшы, кейде пікірлері де алшақ келіп жататын.

Әзілден кіді Аманханның үдесінен шығатын ақын пендесі аз еді. Лирикаға «экономиканы» тықпалап жіберген Бекжанға Аманхан ағасы бұрқылдап өкпелеп жүретін. Бекзат болмысы басым, сабырлы Бекжанның айтар уәжі қашан да дайын. Кейде Әмірхан Балқыбек пен Әлібек Шөгебай қосылатын біздің кеңсе алаңындағы әдеби «дебат» тартысы өтетін. Сол күндер бүгінде сағынышқа айналды. Сағыныш демекші, бірде

Бекжан қоңырау шалды. «Ай-бергенов атындағы сағыныш» деген кітабы Алаш сыйлығын алыпты. Жуудың сәті түспеді. Екеуміз де ауырыңқырап қалдық. Сымсыз телефоннан қан қысымымды сұрайтын. Айтам. «Сол да уайым ба? Мен екі жүзбен де шапқылап жүремін ғой» дейтін ол. Мен де: «Алпамыс-тай нар тұлғалы жігітке екі жүз деген не тәйірі», – деп көңілін көтергенсимін. Үмітімізді үзіп алмаудың ит тірлігі баяғы.

Бекжан ұстаз, ақын ғана емес, сазгер де болды. Көптеген



*Ол ерте кетті. Елуде еңсеретін шаруасы көп болатын. Қорғауға дап-дайын докторлығы қалды. Ұстазын ұлағат тұтқан шәкірттері жоқтап жатыр. Елі сарғая күткен жырлары кетті жүрегінде. Бекжанның бекзат бітімі туралы әңгімелер үзілмес.*

өлеңдері мен әндерінің тұңғыш тыңдаушысы болғаным рас.

Жаңа туындысын «оқы», «тыңда» деп тықпалап жүретін еді

ғой. Көлгірсімей ашық пікір білдіруді сұрайтын. Кейбіреулер сияқты ағасының жағасынан алғанды жақтап тұратын әдеті жоқ еді. Аға сыйлай білетін азамат болды. Атасының тағылымы.

Ол ерте кетті. Елуде еңсеретін шаруасы көп болатын. Қорғауға дап-дайын докторлығы қалды. Ұстазын ұлағат тұтқан шәкірттері жоқтап жатыр. Елі сарғая күткен жырла-

ры кетті жүрегінде. Бекжанның бекзат бітімі туралы әңгімелер үзілмес.

Енді онымен қызметтес болған жылдар «Айбергенов атындағы сағынышқа» айналды. Бекжан Әшірбаев «Мақпал әні – Мақтааралына» аттанды. Атасына кетті. Бақұл бол, Бекжан.

Қалбай ӘДІЛ,  
Ардагер журналист

# БЕКЗАТ БОЛМЫСТЫ БЕКЖАН

Әлеуметтік желі «Бекжан» деп күңірөніп тұр. Бекеннің бекзат болмысы, біртуар бейнесі, бірегей өлеңдері туралы естеліктерін бөліскен қаралы жұрттың ақын ұлға, орда ұлға деген құрметі қандай биік еді...



Бекжан Әшірбаевтың шығармашылығы туралы сөз еткендердің көпшілігі «Заң газетінде» қолтаңбасы қалғанын, тоғыз жыл табанды редактор болғанын біле бермейді. Заң, құқық саласын терең қаузайттын басылымдағы Бекеннің жұмысы 2009 жылдан басталды. Өзі ақын, айтыскер, шығармашылық адамының заң саласына тісі батар ма екен деген күдік ол кезде әркімнің ойында болғаны рас. Алайда Бекен әмбебаптығын бірінші нөмірден-ақ байқатты. Оның жауаптылығы сұрапыл болатын. Жазылған әр мақаланың мазмұны, мәні тұрмақ, әр қарпінің өз орнында қолданылуына ерекше көңіл бөлетін.

Бекеннің жұмыс істеу әдісі де қызық еді. Журналистің де, бет қаттаушының да еркін көсіліп, бар қабілетін көрсетуіне мүмкіндік беретін бас редактор газеттің толық нұсқасы дайын болғанда ғана өзінің пікірін айтып, жетпегенді толықтырып, кемшілікті түзейтін. Басында мұндай әдіске үйренбеген ұжым Бекеннің әр мақаланы шұқылап оқығанына үйрене қоймады. «Қашан қол қояды?» деп тыпыршып кетеміз. Ондайда сөзі өтеді-ау деген Қалбай Әділ, Аманхан Әлім ағаларымызды «разведкаға» жібереміз. Кейде ол кісілер бір бума бетті алып шығып, қуантып тастаса, кейде «Әй, газет әл-әзір дайын болмайды-ау. Бекжан апасының басының битін қарағандай тесіліп отыр» деп түнілдіріп тастай-

ды. Сағатқа қайта-қайта қарағыштап, кабинеттің есігіне көзін сатқан біз Бекеннің төбесі көрінгенде қуанып кетеміз. Ал редактордың әйтеуір бір сұрағы болады. «Сүйікті ауылына сыйлық жасады» деген қалай болар екен? Сонда ауылдың сүйікті емесі де бола ма?» деп сауал тастайды ондайда. Ойланып қаламыз. Расында дұрыс күмән. Басында бәрі әп-әдемі деп отырған журналистер енді бір тақырып үшін Бекенмен бірге бас қатырып кетеді. Бірнеше тақырыптың тұсында сұрақ белгісі тұрса, жағдай тіпті қиын. Міне, редактор-ұстаздың осы қасиеті бәрімізге жұқты. Қазір қай тақырыпты алып, қай мәселені қаузасақ та күмән қалмайтындай, сұрақ тудырмайтындай етіп сүрлеп шығу әдетіміз.

Расында ол кісі асықпайтын. Жер дүние күйіп кетсе де, сол байсалды қалпынан таңбайтын. Арызбен келген жұрттың айқайына да сабырлық танытып, шарасыз жандардың шағымдарын сағаттап тыңдағанда да шаршадым дегенін естіменпіз. Қандай күрделі мәселені де әзілмен әдіптеп отыратын. Марқұм Аманхан аға сондай кездері жиі әзіл кейіпкеріне айналатын. Ол кісінің ерекше сүйетін хоббиі – шахмат. Басшылардың көзі айнала берсе ала тақтасын қолтықтап аулаға асығады. Күтіп тұратын достары бар. Редактор оқыған беттерді алып, қателерді дизайнермен бірге отырып газетке түсіріп шығу әр кезек-

шінің міндеті. Алайда Аманхан аға сол міндетін «ұмытып», ұстатпай кетеді. Бір күні газет бітіп, Бекен үйге кетіп бара жатса, Аманхан аға әлі шахматқа

кірісіп отырыпты. Кезекші екені тек Бекжанды көргенде есіне түсіп кетсе керек, бірден:

– Бекжан, газет бітті, баспаға жібердік, – деген ғой қазір ғана редакциядан шыққандай тұр танытып. Шашы, үсті толы жапырақ. Оны да елең қылмаса керек.

Ертесі әдеттегідей летучкаға жиналды.

– Кеше газетті баспаға жіберіп, өз шаруаларыммен біраз отырып сыртқа шықсам, Әбекеннің шахматы қызып жатыр екен. Мені көргенде кезекші екені есіне түсті ғой деймін, «газет бітті, Бекжан» деп қояды. Әбеке-ау, үстіңізге қонған жапырақтар туысқан боп кеткенше тапжылтпайтын не деген ойын бұл, – деп еді Бекен жылы жымыып.

Аманхан аға да саспайды, «ә ойынның қызығымен уақыттың қалай өткенін білмей қаппын ғой» дейді аңқылдап. Әзілі жарасқан, әдепті сақтаған қайран ағалар-ай.

Бекеннің қарапайымдылығында шек жоқ еді. Бірде көлігінің төрт дөңгелегін ұрылар үттеп кетті. Жоғалғанын түгендегеніне көп болмаған, түн ішінде балконда шылым шегіп тұрса тағы біреулер көліктің жанында құнжыңдап, төрт дөңгелекті шешіп алмақ болып кірісіп жатыр дейді. Полиция шақыра салып, сыртқа ұмтылған Бекеннің айқайымен көршілері болысып әлгі кулар қолға түседі. Ұрылар ұсталуын ұсталғанымен, істі қарау,

материалдық шығынды өндіру ұзаққа созылады. Сотқа сан рет барып, әбден мезі болған Бекеннің:

– Мен жігіттер ұрлығын мойындап, залалдың орнын толтыра ма деп қате ойлап жүріппін ғой. Сөйтсем олар «Не болды сонша, дүние бүлініп кеткен жоқ. Сол дөңгелек жарылып қалса да жамайсың ғой. Қазақтың жігіттерін соттақаннан не ұтасың?!» деп қасқайып дүрсе қоя бергенде олар емес, өзін кінәлідей ұялып кеттім ғой, – деп кеңк-кеңк күлгені де көз алдымызда қалыпты.

Шыны керек, «Заң» Бекеннің салалық журналистикадағы бәсін ғана арттырып қоймай, шығармашылығына да үлкен серпіліс әкелді. «Көршінің қызын» ғана білетін халыққа Роза Әлқожа орындайтын «Мақтааралым – мақпал әнім», Саят Медеуовтің орындауындағы «Мұңайма, қалқам» деген сияқты көптеген мазмұнды әндерін ұсынды. Бекеннің өлең жазуы да қызық еді ғой. Газет жұмысымен жанталасып жатқанда жұмыс телефоны шырр ете қалады.

– Келіп кетесіз бе? – дейді Бекен сыпайы. Алып-ұшып жетсең өзі терезенің жақтауында темекінің көп тұманында алысқа көз тастап отырады. Кабинетінде әдемі әуен. «Отырыңыз» дегенді ишарамен көрсетіп, жаңағы әуенді компьютерінен қайта қояды.

– Қалай? – дейді сұраулы үнмен. – Жақсы екен, ойнақы, – деп қоямын. Енді белгілі бір өнертанушы, өлеңтанушы болмаған соң пікірін де қарабайыр.

Бекеннің, әрине, көңілі толмайды. Сосын әуенді былай қойып, әннің сөзі жазылған қағазды алдына береді. «Мына бір ұйқас ойымнан шықпай тұр. Қалай ойлайсыз?» – дейді. Ондайда «Атақты Жүрсін Ерман бірнеше күннен кейін түсінетін өлеңдеріңізді біз түсіну үшін біраз күтесіз-ау» дейміз әзілдеп. «Заң газетіндегі» сол жұмыс кабинеті Бекеннің нағыз шығармашылығының отанына айналды. Республика сарайында, Студенттер сарайында шығармашылық кешін өткізді. Кейін ғылымға бет бұрып, қара шаңырақ ҚазҰУ-ға ауысты. Бірақ, баяғыдай жаңа әндерін жиі естімедік. Инсульт алыпты дегенде де ұжым болып уайымдағанымыз рас. Азамат аман болса екен деп тілеген едік шын жүректен. Докторлығын қорғағалы жүргенін естігенде де, ойға алғаны орындалса дедік іштей.

Алдыға қойған мақсаты үлкен, елге берері көп еді. Ама! бар ма? Артына әдемі ән, мол мұра, салиқалы зерттеулерін қалдырған Бекжан Әшірбаев талай журналистің қанатын қатайтып, мықты маман болуына да айтарлықтай еңбек сіңірді. «Заң газетінің» тарихында да Бекеннің қолтаңбасы жарқырап көрініп тұрары хақ. Қош болыңыз, Беке! Рухыңыз шат болсын!

Бекжан ӘШІРБАЕВ

Айнұр СЕМБАЕВА,  
«Заң газеті»

СЕРПІН

# Е-NOTARY ПЛАТФОРМАСЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сервис іске қосылған сәттен бастап азаматтардан 63 мың өтініш келіп түсті, оның ішінде тек 9,4%-ына әділет органдарына шағым жасалған. Мәселелердің басым бөлігі тікелей жеке сот орындаушысының деңгейінде шешілуде, оның нәтижесінде өтініштер саны 15%-ға азайды (38 мыңнан 32,3 мыңға дейін).

Осылайша, азамат атқарушылық жазбаның жасалуын ғана емес, одан кейінгі бүкіл орындау процесін де бақылау мүмкіндігіне ие болды.

Бұдан былай, Министрлік жасанды интеллектті пайдалана отырып проактивті бақылауды енгізеді. Бұл модульде кідірістер, ұзақ уақыт аяқталмай тұрған атқарушылық іс жүргізулер, мерзімдердің бұзылуы және жедел әрекет етуді талап ететін өзге де өзекті мәселелер анықталатын болады.

Үшіншіден, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің белсенді қолдауымен Әділет министрлігі жаңа цифрлық E-Notary платформасын іске қосуда. Ол қолданыстағы цифрлық шешімдердің тәжірибеде анықталған мәселесін жойып, нотариаттық әрекеттердің ашықтығы мен оны бақылаудың жоғарғы деңгей-

ін қамтамасыз етеді. Платформада нотариустың әрбір әрекеті тіркеліп қана қоймай, нотариустар мен азаматтарды биометриялық сәйкестендіру жүйесін интеграциялау алғаш рет көзделген. Бұл есептік деректерді заңсыз пайдалануды жояды және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін барынша арттырады.

Бұдан былай азаматтар платформада жеке кабинет ашып, оның көмегімен өздерінің қатысуымен жасалған барлық нотариаттық әрекеттерді бақылап, есепке алып және қадағалап отырады. Қажет болған жағдайда нотариустардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруіне болады.

Тағы бір жаңашылдық – жасанды интеллект элементтерін ұсынылған құжаттарға талдау жүргізу, ықтимал кемшіліктер мен тәуекелдерді анықтау, тиісті ұсынымдар әзірлеу кезінде пайдалану. Бұл ретте нотариаттық әрекетті жасау туралы түпкілікті шешімді нотариус өзі қабылдайды.

Платформаны пилоттық пайдалану қорытындысы бойынша оны ағымдағы жылдың соңына дейін еліміздің бүкіл аумағында енгізу жоспарлануда.

А. ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

# МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқаруды жаңғырту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу және мемлекеттік қаржының ашық жұмсалуды қамтамасыз ету мәселелеріне тұрақты назар аударып келеді. Осы саясаттың нәтижесінде мемлекеттік сатып алу жүйесі түбегейлі цифрлық форматқа көшіп, құқықтық реттеудің жаңа кезеңіне аяқ басты.

Бүгінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің басым бөлігі электрондық форматта жүргізіледі. Бірыңғай веб-портал арқылы конкурс жариялау, конкурсқа қатысу, өтінімдерді қабылдау, комиссия хаттамаларын қалыптастыру, шарттарды жасасу және олардың орындалуын бақылау жүзеге асырылады.

Электрондық формат бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді, талдап айтқанда: біріншіден, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы айтарлықтай артты. Екіншіден, адами фактордың ықпалы азайды. Үшіншіден, барлық қатысушылар үшін тең жағдай қалыптасты. Төртіншіден, мемлекеттік аудит пен сот бақылауы үшін қажетті электрондық іздер (digital trace) сақталатын болды.

Бұл жағдай мемлекеттік сатып алу саласындағы құқық қолдану тәжірибесіне де елеулі өзгерістер енгізді.

## Жаңа заң – жаңа талап

Мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңымен, Азаматтық кодекспен, Азаматтық процестік кодекспен және осы саладағы өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Заңның негізгі қағидаттары:

- мемлекеттік сатып алудың ашықтығы;
- әлеуетті өнім берушілердің тең құқықтылығы;
- адал бәсекелестік;
- мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету;
- сатып алу рәсімдерінің жариялылығы.

Бұл қағидаттар мемлекеттік органдардың ғана емес, соттардың да құқық қолдану қызметінің негізгі бағдары болып табылады.

## Цифрландыру сот тәжірибесінде нені өзгертті?

Соңғы жылдары соттарға түсетін мемлекеттік сатып алу дауларының сипаты едәуір өзгерді.

Бұрын даулар негізінен қағаз құжаттардың дұрыс рәсімделуіне байланысты туындаса, қазіргі таңда негізгі дәлелдемелер электрондық ақпараттық жүйеде қалыптасады.

Соттар төмендегі мәселелерге:

- электрондық цифрлық қолтаңбаның заңдылығы;
- порталдағы әрекеттердің уақыт белгісі (timestamp);
- автоматты түрде қалыптасқан хаттамалардың дұрыстығы;
- конкурс комиссиясының әрекеттерінің заң талаптарына сәйкестігі;
- әлеуетті өнім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкес болуы тұрғысынан құқықтық баға береді.

Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес электрондық құжаттар дәлелдеме ретінде қағаз құжаттармен бірдей заңды күшке ие. Сондықтан мемлекеттік сатып алу порталында сақталған ақпарат сот үшін маңызды дәлелдердің бірі болып есептеледі.

Сонымен бірге, сот электрон-

МЕДИАЦИЯ

Бітімгершілік билер институтында өзін-өзі дәлелдеген дау шешудің ең озық тәсілі. Заман ағымына қарай бұл ұғым қолданысқа медиация атауымен енгенімен, оның түп-тамыры қазақ билерінен бастау алатынына тарих куә. Медиация ел заңдарының барлығында көрініс тауып, қолданылуда. Аталған институттың жандануына сот жүйесі өкілдері айрықша үлес қосып жатыр.

# БІТІММЕН БІТКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Азаматтық процестік кодексте (АПК) көзделгендей азаматтар туындаған дауды татуласу келісімі, медиация тәртібі, партисипативтік және сотқа дейінгі хаттама рәсімдерінің аясында өзара келісіммен шеше алады. Сотта тараптарға дауды ортақ мәмілемен шешудің артықшылықтары жан-жақты түсіндіріледі. Сонымен қатар, судьялар дауды тараптардың өздері таңдаған рәсім шеңберінде реттеулері үшін бағыт-бағдар беріп жәрдемдеседі.

Айтып өтерлігі, медиация ешкімге міндеттелмейді, ол тараптардың қалауымен ерікті түрде жүзеге асырылады. Дегенмен, азаматтар дауды келісіммен шешудің сотта шешуге қарағанда анағұрлым пайдалы, яғни, тиімді екенін білулері керек. Мұны дана билеріміздің «Бітімгершілікпен біткен істе береке бар» деген сөзінен де аңғаруға болады. Медиация дау шешу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Татуласу келісімінің жасалу тәртібіне тоқталсақ, оның жазбаша түрде болуы міндет. Осы келісімге тараптар немесе сенімхатта татуласу келісін жасауға өкілеттігі бар өкілдер қол қояды. Әрі онда шарттарды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіледі. Татуласу келісін жасаудың өзіндік құқықтық салдары да бар. Оны судья та-

раптарға келісім бекітілмей тұрып түсіндіреді. Татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым оны тараптардың барлығы қолдағанда ғана шығарылады. Татуласу келісімінің сот актісін орындау сатысында да жасалуы медиацияны кеңінен қолдануға жол ашады.

Дауды сотқа дейінгі реттеу хаттамасымен бітіргісі келетіндер медиатор мен адвокаттың көмегіне сүйенуге немесе оны өздері де жасауға болады. Осы рәсімнің басты тиімділігі тараптар хаттаманы жасауда туындаған мәселе бойынша жүзбе-жүз отырып ашық сөйледі. Әрі олар өз талаптары мен қарсылықтарына сілтеме жасап, іс сотта қаралған кезде дәлелдемелерді ашу, ұсыну, алмасу тұрғысында жасайтын әрекеттерін көрсету мүмкіндігіне ие.

Қазақ қоғамында дау-дамайды бітімгершілік жолымен шешудің пайдасы қаншалықты дәлелденсе, дамыған елдерде де медиацияның тиімділігі соншалықты дәлелденген. Сондықтан, ел азаматтары кез келген даулы мәселеде медиацияға басымдық берсе, қоғамның құқықтық мәдениеті сөзсіз көтеріледі.

Елімізде дауды ушықтырмай бітіруге, яғни, татуластыру шараларын, медиацияны қолдануға барлық мүмкіндік заңмен қарастырылған. Тек дау-

ласушылар тарапынан белсенділік жетіспеуде. Осы тұста оның себебі неде деген сұрақ туындайды. Өйткені, Медиация туралы заң жұмыс істеген он бес жылдан аса уақыт ішінде әлі де болса даудың сотта бітуін қалайтындар азаймай отыр. Олар дауды татуласу арқылы аяқтаудың түпкі мақсатына мән бергісі келмейді. Сол үшін тараптардың өкілдері немесе адвокаттар істі татуласу арқылы аяқтауға мүдделілік танытса нұр үстіне нұр болар еді. Олай дейтініміз, тараптар адвокаттары мен өкілдеріне көбірек сенім артады. Егер олардың әрбірі өздері қорғап отырған адамдарға медиацияның мүмкіншіліктерін жоғары деңгейде жеткізсе, даудың ушықпай бітуіне үлес қосар еді.

Медиация – дауды жедел шешуге мүмкіндік беруімен, екі жақты да қанағаттандыратындай шешімге жеткізуімен құнды. «Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмас» демекші, дау-дамайды келісіммен шешіп елдің ырысын арттыруға атсалысу әрбір қазақстандықтың парызы. Халыққа бітімгершілік арқылы мәмілеге келу ең тура жол екенін жеткізе білсек, онда біздің басты мақсатымыздың орындалғаны.

Салтанат МЕҢЛІБЕК,  
Қарасай аудандық  
сотының судьясы  
Алматы облысы

сушылар тізіліміне енгізу мәселелері.

Бұл санаттағы істерді қарау кезінде соттар заң талаптарының формальды сақталуын ғана емес, мемлекеттік сатып алу қағидаттарының нақты орындалуын да бағалайды.

## Цифрландыру және жасанды интеллект

Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу жүйесіне тәуекелдерді автоматты түрде анықтайтын цифрлық құралдар кезек-кезеңімен енгізілуде.

Алдағы уақытта:

- жасанды интеллект арқылы сатып алуды талдау;
- күмәнді мәмілелерді автоматты анықтау;
- баға демпингін болжау;
- үлестес компанияларды анықтау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін

цифрлық модельдеу сияқты құралдардың қолданылу аясы кеңейе түседі. Бұл өз кезегінде сот тәжірибесінде жаңа санаттағы электрондық дәлелдемелердің пайда болуына алып келеді.

Сондықтан цифрлық дәлелдемелерді бағалау әдістемесін жетілдіру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Мемлекеттік сатып алуды цифрландырудың түпкі мақсаты – рәсімдерді күрделендіру емес, заң үстемдігін қамтамасыз ету.

Заң талаптары барлық қатысушыларға бірдей қолданылған жағдайда ғана кәсіпкерлердің мемлекетке деген сенімі артады. Бұл ретте сот билігінің рөлі ерекше.

Сот мемлекеттік органның да, кәсіпкердің де әрекеттеріне бейтарап құқықтық баға бере отырып, заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Қалыптасқан бірізді сот тәжірибесі мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық тұрақтылықтың маңызды кепілі болып саналады.

Мемлекеттік сатып алуды цифрландыру – уақыт талабы ғана емес, құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Электрондық жүйелердің тиімділігі ең алдымен заңның дұрыс қолданылуына, сот тәжірибесінің бірізділігіне және мемлекеттік органдардың құқықтық жауапкершілігіне байланысты.

Г.ШАЯНОВА,  
Ұлытау облысы мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының судьясы



дық жүйеде қалыптасқан кез келген шешімді сөзсіз қабылдамайды. Егер мемлекеттік органның әрекеті заң талаптарына қайшы екені анықталса немесе әкімшілік рәсімнің заңдылығы бұзылса, сот мұндай шешімнің күшін жоюға құқылы.

Жоғарғы Сот қалыптастырған құқықтық ұстанымдар мемлекеттік сатып алу дауларын қарауда бірнеше маңызды қағидатты айқындайды.

Бірінші қағидат – рәсімдік заңдылық.

Конкурс өткізу кезінде заңда көзделген рәсімдердің сақталуы міндетті болып табылады. Заңда белгіленбеген талаптарды конкурс құжаттамасына енгізуге жол берілмейді.

Екінші қағидат – теңдік. Конкурста қатысушылардың барлығына бірдей талап қойылуға тиіс. Белгілі бір өнім берушіге артықшылық беретін талаптар заңға қайшы деп танылады.

Үшінші қағидат – пропорционалдық. Әрбір рәсімдік кемшілік автоматты түрде конкурс нәтижесін жарамсыз етеді дегенді білдірмейді. Егер анықталған бұзушылық конкурс қорытындысына нақты әсер етпесе немесе

басқа қатысушылардың құқықтарын бұзбаса, сот нақты істің мән-жайын жан-жақты зерттеп барып құқықтық баға береді.

Төртінші қағидат – адал бәсекелестікті қорғау. Мемлекеттік сатып алу институтының негізгі мақсаты – белгілі бір өнім берушіні анықтау емес, барлық қатысушылар үшін тең әділ бәсекелестік ортасын қалыптастыру.

Осы құқықтық ұстанымдар бүгінде төменгі сатыдағы соттардың құқық қолдану тәжірибесінде кеңінен басшылыққа алынып келеді.

## Практикадағы өзекті даулар

Сот тәжірибесін талдау мемлекеттік сатып алу саласында жиі кездесетін даулардың бірнеше санатын көрсетеді.

Олар:

- конкурсқа заңсыз жібермеу;
- өтінімді негізсіз қабылдау;
- конкурс қорытындысын даулау;
- мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану;
- шартты орындамауға байланысты тұрақсыздық айыбын өндіру;
- өнім берушіні жосықсыз қаты-



## ӨНЕГЕ

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ағар-тушысы, философы, композиторы және қазақ жазба өде-биетінің негізін қалаушылардың бірі. Ол өз шығармаларында халықты білімге, еңбекке, адамгершілікке, өнер мен ғылымға ұмтылуға шақырды. Абайдың мұрасы қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алады.

Абай алғашқы сауатын ауыл мол-дасынан ашып, кейін Семейдегі Ах-мет Риза медресесінде білім алды. Со-нымен қатар орыс мектебінде оқып, орыс тілін және орыс әдебиетін үйре-нуге мүмкіндік алды. Жас кезінен ел ісіне араласып, халықтың тұрмысын, қоғамдағы мәселелерді терең таныды.

Абайдың дүниетанымының қалып-тасуына шығыс әдебиетімен қатар орыс

және еуропалық әдебиет те үлкен әсер етті. Ол Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты орыс классиктерінің шығарма-ларын қазақ тіліне аударып, халыққа таныстырды.

Абай шығармаларының негізгі тақырыптары – білім, ғылым, еңбек, адамгершілік, ел бірлігі және халықтың болашағы.

Оның «Ғылым таппай мақтанба»,

«Әсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Қалың елім, қазағым, қай-ран жұртым» сияқты өлеңдері халықты ойлануға, білім алуға және жақсы қаси-еттерді бойға сіңіруге үндейді.

Абайдың поэмаларының ішін-де «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әң-гімесі» шығармалары ерекше орын алады. Оның шығармаларында адам бойындағы жақсы және жаман қасиет-тер салыстырылып, оқырманды дұрыс жолды таңдауға шақырады.

Абайдың ең құнды мұраларының бірі – «Қара сөздері». Қара сөздерінде ақын халықтың мінез-құлқы, білім мен

ғылым, еңбек, адамгершілік, тәрбие және қоғам мәселелері туралы терең ой қозғайды.

Абай тек ақын ғана емес, талантты композитор да болған. Оның «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ» сияқты әндері қазақтың музыкалық мә-дениетінің алтын қорына енді. Абай қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерді. Ол поэзияға терең философиялық ой, жаңа тақырыптар мен көркемдік ерек-шеліктер енгізді. Ақынның шығармала-ры халықты оянуға, білім мен ғылымға ұмтылуға шақырды.

Абайдың шығармашылық мұра-сы кейінгі қазақ ақын-жазушылары-на үлкен ықпал етті. Оның идеялары мен өсиеттері бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды. Сондықтан Абай мұрасын оқу – өткенді тану ғана емес, өзімізді тәрбиелеу және болашағымызды дұрыс қалыптастыру.

**А.ИСАЕВА,**  
**Шалқар аудандық сотының**  
**бас маманы-**  
**сот отырысының хатшысы**  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**



## ҚҰЛАҚҚАҒЫС

# ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялап отыр.

**Биылғы байқаудың талаптары:**

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редак-торында терілуі тиіс, көрпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен ас-пағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен казак детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптасты-руды мақсат етіп келе жатқанмызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Ко-нан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жұқсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қы-сы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығар-масындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойл-дың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок

Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көме-гімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, казактың өз ізкесушісінің образын қалыпта-стыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен біз!

**Құрметті байқауқаға қатысушылар!**

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушіінің бейнесі төмендегідей:

**Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:**

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

\* Жасы: 35-50 аралығында;

\* Қалалық ПІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

\* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

\* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

\* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер, осының арқа-

ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Түлкібас ауылдық округі, Түлкібас кенті, Ш.Шыңғысбеков көшесі, 142-үй.

14. «АтомПлюс» ЖШС (БСН 231040017945) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Г.Потанин көшесі, 3-үй, 307-кеңсе, тел. + 7 708 352 8408.

15. «El Courses» ЖШС (БСН 230240026671) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Нұрмаков көшесі, 93а, тел. 8 777 212 8670.

17. Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 2 түзету мекемесінің жанындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 030940001223) өзінің тара-тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Западный Пром.Узел көшесі, 12-үй.

## ӘРТҮРЛІ

2. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес 2026 жылы 25 қыркүйекте сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қа-зақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Қатысушыларды тіркеу 2026 жылы 25 қыркүйекте аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады. Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 24 қыр-қүйектегі жағдайы бойынша жасалады. Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген: 1. «Шығысэнерго» ЖШС Бақылау кеңесін сайлау туралы. Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2026 жылы 2 қазан. Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы орга-нының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

3. «Дәмді ет» ЖШС (БСН 120940008597) Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 43-үй, 7-кеңсе мекенжайында орналасқан, «Дәмді ет» ЖШС қатысушыларының 2026 жылғы 20 қыркүйекте сағат 12.00-де Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 43, 2-корпус, 26-кабинет мекенжайында Серіктестіктің Жалпы жиналысын өткізетінін хабарлайды. Жалпы жиналыстың күн тәртібі: Серіктестіктің бұрынғы қатысушыларына қатысты мәселелерді шешу, олардың өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалған қатысушылар арасында іске асыру.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажibaева» ЖК Тараз қаласы, Қой-келді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький кө-шесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Жел-тоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераши көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай кө-шесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

## ТАРАТУ

4. «North Nurkazgan Project» (Норт Нурказган Проджект) ЖШС (БСН 220440053684) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабының 1-тармағына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабар-лайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 52А ғимарат, 7 т.е.б.

7. «Беркут Финанс» ЖШС (БСН 221040043308) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 39-ғимарат.

8. «Meat Team KZ» ЖШС (БСН 230640026254) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарланды-ру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Міржақып Дулатов көшесі, 173/1-ғимарат.

9. «Joomayla» ЖШС (БСН 191040034955) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қа-былданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 115-үй.

10. «АБАЙ ШАПАҒАТЫ» қоғамдық қоры (БСН 200940032656) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Шү-бар тұрғын үй алабы, Балауса көшесі, 11-үй.

11. «UNO TESH» ЖШС (БСН 210640019471) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарланды-ру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Розыбакиев көшесі, 33Б үй.

12. «АЙБАР-2026» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 260740046907) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Та-лап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

**Е-mail:**  
**zanreklama@mail.ru**

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 704 739 27 83, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абайдай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтол-қын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/ WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www. infogazet.kz

«KAiROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

БАЙҚАУҒА!

***(Жалғасы. Басы өткен сандарда)***

– Кінәлі болмаса, неге қашады? – деп сұрады полковник.

– Тергеудің әділ өтетіндігіне сенбейді екен.

– Кәмететке толмаған балалары үшін жауапты екендігін ескерткен боларсындар. Ала жіп жайлы не айтасындар?

– Ондай жіп көптеген дүкендерде сатылады. Олардың бәрін тексеруге мүмкіндік жоқ. Қажет те емес. Қожабергенов пен Төрегелдиевтің және айналасындағы адамдардың тері жұғындыларын тексеруге рұқсат алу қажет, – деді Маймақов пап-касын жауып жатып.

\*\*\*

Орынбасары полковникке Мақсаттың әкесі жайлы ақпаратты жеткізді. Ол қала маңындағы ауылда тұратын фермер екен. Аты-жөні Марат Байсапаров. Жасы елу жетіде. Үйленген. Жиырма бес және жиырма үш жасар екі қыздың әкесі. Әй-елі Аяулым үй шаруасында. Жергілікті әкімшілік архивін ақтарғанда анықталғаны – Марат он жеті жыл бұрын әйелімен ажыраспақ болып, арыз жазған екен. Көршілері бір апта бұрын олардың үйінде үлкен ұрыс-жанжал болғанын айтыпты. Мараттың «Ол менің ұлым, ұрпағым» деп айғай-лай сөйлегенін, Аяулымның жылағанын естіпті. Бір сағаттан соң Аяулымның інісі Алмас кел-ген. Үйде таңға дейін жарық сөнбепті. Елеусіз-зов Алмас сол ауылдың арғы басында тұрады. Ауыл мен қала арасында такси айдайды. Бірнеше рет үйленген. Мінезінің жайсыз болуына байла-нысты ажырасқан. Әйелі мен балаларын аяусыз ұрып-соққаны белгілі болды. Екі рет полиция қызметкерлерінің құрығына түсіп, «бұзақылық» бабы бойынша сотталып, төрт жыл түрмеде отыр-ған. Босап шыққалы бері бір өзі тұрып жатыр екен.

\*\*\*

Қайсенов Маратты полиция басқармасына шақыртты. Сол жақ көз алды көгеріп, ісіп тұрғаны көзге оттай басылды.

– Мақсаттың қайтыс болғанын білетін шығар-сыз, – деді тергеуші.

Мараттың көзі бағжаң ете қалды да:

– Қашан? Неден? – деп сұрады іле-шала.

– Бес күн бұрын тоғайда асылып тұрған денесі табылды. Себебін анықтап жатырмыз.

– Алмас... Қаныңды ішем... Жауыз!

– Балаңыздың өліміне Алмас кінәлі деп ойлай-сыз ба?

Марат үндемеді. Кіжініп, ысылдап, жұды-рығымен тізесін соққылай берді.

– Көзіңіз неге көгеріп тұр?

– Ол менің шаруам. Ісің болмасын.

– Сіз тергеуде отырсыз. Сұраққа жауап беріңіз. Өйтпеген жағдайда жауапқа тартыласыз.

– Білгенінді істе.

Қайсенов кабинеттен шығып кетті. Бір-екі ша-руасының басын қайырып, тергеу бөлмесіне қайта кіргенде Марат арбиган саусақтарымен басын сығымдап ұстаған күйі төмен қарап отыр екен. Тарам-тарам боп аққан көз жасын жасырмады.

– Ұлыңыздың барын қашаннан бері білесіз?

– Бір апта бұрын білдім, – деді басын көтерме-ген күйі.

– Қалай білдіңіз?

– Ойда-жоқта дәмханада көріп қалдым. Анасы екеуі ұлдың туған күнін тойлап отыр екен. Он алтыға толыпты.

– Жандарына барып, сөйлестіңіз бе?

– Жоқ.

– Не себепті?

– Саяның мінезін білем ғой...

Басын көтеріп, тергеушіге тіке қарады да:

– Саяның нөмірін берші, – деп өтінді.

– Тергеу аяқталғанша және өзінің рұқсатынсыз беруге хақым жоқ.

Мараттың басы қайта төмен салбырады.

– Қазақстанда азаматтар бір-бірін өз бетінше жазалауға тыйым салынғандығын ескертем. Бар-лық кикілжіңді сот арқылы шешкен дұрыс.

Марат күйіне мырс етті.

– Басқа айтарыңыз бар ма?

Марат басын шайқады.

– Қажет болса, хабарласарсыз. Тергеу аяқталғанша ауданнан тыс жерге шықпағаныңыз дұрыс. Тағы да ескертем, Алмасқа күш көрсетуге хақыңыз жоқ.

Оның сонын ала кабинетке Алмасты кіргізді. Есік алдында жолыққан екеу бір-біріне алакөз-дене қарады. Алмас бетінің бірнеше жері көгеріп тұр екен.

– Сүлеев Мақсат жайлы не білесіз?– деп сұра-ды тергеуші есік жабылғасын.

– Ол кім?



# Ала Жіп

– Марат Байсапаровтың ұлы.

Алмас сынарезулене жымиды.

– Ештеңе білмеймін, білгім де келмейді.

– Оның өлі денесі бес күн бұрын тоғайда та-былды.

Алмас тергеушіге көзін сығырайта қарады да:

– Мен сезіктімін ба? Дәлелдеп көр,– деді ысылдай.

– Оныншы мамыр күні түстен кейін қайда болдыңыз?

– Үйде болдым. Календарды құшақтап жат-тым, – деп бұрк ете қалды.

– Соншалықты дарақы болудан жалықпа-дыңыз ба?

– Мені тәрбиелемек болған сен қалып едің.

Қайсенов сұрақтарына Алмастан мардымды жауап ала алмады. Ол апасымен бірге жетімдер үйінде өскен екен.

\*\*\*

– Командир, кездесейік. Әңгіме бар, – деді Айымбет әй-шайға қарамай Қайсенов телефонын құлағына тосқанда. – Өткендегі жерге келсейші. Күтем.

Қайсенов бөлмеге кіргенде Айымбет телефон арқылы видео көріп отыр екен.

Мұны көргенде телефон түймешесін басып, үстел үстіне қойды да:

– Мақсат жүрек тұсына тиген соққыдан өлді емес пе? – деп сұрады.

– Иә, – деп жауап берген полковник «Оны бұл қайдан біледі?» деп ойлап үлгерді.

– Міне. Қара.

Айымбет телефонын мұның алдына икемдеп қойып, видео көрсетті. Онда бес жігіттің тоғайда тұрғаны таспаланған екен. Бір-біріне әкірендеп «Сыбағанды аласың! Жайыңа жүр!», «Мен жай-ымда жүрмін. Сендер ғой басқалардың жайын тартып алып жатқан» дегендері анық естілді. Қай-сенов Мақсатты таныды. Бірер минуттан кейін екі жігіт Мақсатты соға бастады. Кәсіби боксшылар екендігі қимыл-қозғалыстарынан анық байқалады. Соққылары жас жігіттің басына дөп тиіп жатыр. Анау батынша қарсыласып бағуда. Аяқ-қолын ер-бендетіп карсы соққы берген болады. Екі жігіт бір шетке шығып, төбелесіп жатқандарға бажайлап қарап тұр. Бір сәтте Мақсат ана екеуінің қолынан сытылып шығып, шетте тұрғанның бірінің жаға-сын сығымдап ұстады да, жұдырығымен бетіне періп қалды. Ананың мұрнынан аққан қан жерге қарай сау ете қалды. Ұрғыштар жандарына жетіп барып, жұлмалап Мақсатты ортаға алып келді де, ерекше өшпенділікпен ұра берді, ұра берді. Әлден соң Мақсат жерге құлады. Шетте тұрғанның бірі «Болды! Ұрмаңдар! Теппендер!» деп тоқтатты. Сосын Мақсатқа қарай еңкейіп, «Ақымақ болма. Алды-артыңа қарап жүр» деді де, теріс бұрылды. Төртеуі үлкен іс бітіргендей, алшаңдай басып, алыстап кетті.

– Көрдін ғой, мұнда Мақсатты жүрек тұсынан ешкім ұрмаған, – деді Айымбет жерден жеті қоян тапқандай боп.

– Видео толық болмауы мүмкін, – деді Абылай байсалды түрде.

– Басынан аяғына дейін таспалаған. Мыналар-дың кез келгенінен сұра.

– Оларды қайдан табам?

– Мен тауып берем.

– Шетте тұрғанның бірі – сенің ұлың, екіншісі Әлібидікі ме? Олар табылды ма?

– Иә.

– Видеоға түсірген кім?

– Таныстары.

– Не үшін ұрған?

– Тәрбиелеу үшін.

– Не үшін таспалаған?

– Кейін қоқан-лоққы жасау үшін.

Қайсенов ойланып қалды. Айымбет бір күн ішінде осыншалықты шынайы көрінетін кино жа-сай ала ма? Әлде бұл шынайы видео ма?

– Командир, түсінсейші. Мақсатты өлтірген Мүсілім мен Диас емес. Олар Мақсатқа өздерін мойындатпақ болған. Сол үшін ұрып-соқты да, сол жерге тастап кетті. Олар кеткенде Мақсат тірі болған. Жыбырлап жатқаны видеода көрініп тұр ғой.

– Видеоны тексерту керек. Сен оны қайдан алдың?

– Қалай тексертсең де, монтаж жасалмаға-нын анықтап береді. Мұны мен ұлымнан алдым. Ол маған алғашында-ақ барлығын айтып берген еді. Қолымда дәйектер толық болмағандықтан басым қатып жүрген. Бүгін оның жүрек тұсынан алған соққыдан өлгенін білдім. Басқа фактілермен үйлестіріп, саралап отырып, көзім анық жетті. Мақсаттың жанына мынадан кейін тағы біреу кел-ген. Мақсаттың өлгеніне көзі жеткесін «Мақсат өлді» деген сөзді қағазға жазып, менің ұлымның сөмкесіне салып кеткен. Оны оқи сала Мүсілім мен Диас оқиға орнына қайта барған. Мақсаттың өлгенін көргенде не істерін білмей, сасқалақтап, ұлым маған қоңырау шалды. Мен Әлібимен хабарластым. Екеуіміз жолықтық. Ол да бала-сымен сөйлесіп, не істерін білмей отыр екен. Бір адамдармен жолығатынын айтты. Бір-екі сағаттан кейін қайта жолықтық. Кеңесшілермен ақылда-сыпты. Ұзын сөздің қысқасы – біз ақша төледік. Басқа шаруаны кім, қалай жасағанын білмеймін, – деді Айымбет.

– Не себепті суицид имитациясын жасаған? Денені жоқ қылып жіберуге болар еді ғой.

– Кеңесшілер «Анасы баласының денесін құ-шақтап жыласын. Басқаларға сабақ болады, сауап болады» депті.

– Обалды білмегендер сауапты біле ме? – деп сұрады Қайсенов.

Айымбет үндемей «Менің шаруам осымен бітті. Қалғаны сенің шаруаң» дегендей Абы-лайға қарап отыр. Тергеуші видеоны өз теле-фонына көшіріп алып, желі арқылы маманға жіберді де, жақсылап тексеріп, тексеру қо-рытындысын тез арада дайындап беруі керек екендігін ескертті.

\*\*\*

Жол бойы полковник терең ой құрсауында болды. Айымбет өтірік айтпады. Оқиға орнына кейінірек тағы да басқа бір немесе бірнеше адам келуі мүмкін. Не үшін келген? Арнайы келген бе әлде кездейсоқ тап болған ба? Қансырап жатқан Мақсатты не үшін соққан? Ол тоғай қаңғыбастар көп жүретін жер емес. Әлде соңғы кезде сырттан гастролерлер келді ме? Мүсілімнің сөмкесіне қағазды кім салды? Кімде салуға мүмкіндік бар? Мектепке, сынып бөлмесіне емін-еркін кім кіре алады?

Полковник машинасын мектепке қарай бұрды.

Психолог бөлмесіне кірді де, екі адамды шақырып келуін талап етті.

– Медет, сен ақылды жігітсің ғой. Түсініп отырған шығарсың. Менің қолымда біршама дә-йектер бар, куәгерлерден алған мәліметтер бар. Шыныңды айт. Тоғайға не үшін бардың? – деді Қайсенов Айша Қалшорақызының қатысуымен сұрақ қойып отырғанда.

Медет үндемеді. Маңдайы шып-шып терлеп кеткен.

– Ата-анасын шақыртыңыз, – деді Абылай сы-нып жетекшісіне қарап.

– Әкесі қайтыс болған. Анасын шақыртайын.

– Шақыртпаңыз, – деді Медет. – Қажет емес.

– Қажет. Шақыртыңыз.

Анасы жарты сағат ішінде жетті. Бөлмеге кіре салысымен айғай салды.

– Менің ұлымды қыспаққа алуға ешкімнің хақысы жоқ. Мен шағымданам. Блогер кайыма айттым. Ол қазір келеді. Әділеттілік қайда? Біреу-дің жасағаны үшін менің бейшара балам жауап беруі керек пе? Сендерге көрсеткіштерің дұрыс болса болды. Біреу өлтіреді, басқа біреу түрмеге отырады. Сонымен есептеріңді түгелдейсіңдер.

Әйелді ешкім тыныштандыра алмады. Әлден соң бөлмеге бір жас жігіт бастырмалата кіріп келді.

Мен Медеттің көкесімін. «Қрышасы жоқ» деп ойлап па едіңдер? Ендігі істерің менімен болады, – деді дауысын көтеріп.

Мектеп басшысы мен психологы бөлмеге кіріп, Медеттің анасының жанына отырды.

– Медет, сұрағымды қайталаймын. Сен онын-шы мамыр күні түстен кейін тоғайға не үшін бардың?

– Ол ешқашан тоғайға барған емес. Күнде са-бақтан кейін менің жанымда болады, – деді анасы жанұшыра.

– Медет, жауап берме. Мен қазір адвокат та-бам, – деді көкесі.

– Мақсатқа көмектесу үшін бардым, – деді Медет.

– Не себепті көмектеспедің? – деп сұрады тергеуші.

– Қорықтым. Олар тым көп болды. Бесеу бол-ды. Екеуі Мақсатты ұрды. Біреуі телефонмен видеоға түсіріп тұрды. Мүсілім мен Диас қарап тұрды.

– Мақсат құлаған соң олар кетіп қалды ма?

– Иә.

– Олар кеткенде Мақсат тірі ме еді?

– Иә. Тірі еді.

– Сен не істедің?

– Мен Мақсатты орнынан тұрғызып, үйіне ба-руына көмектеспек болдым. Қанша жұлқыласам да, ол орнынан тұрмады, есін жимады.

– Сосын не істедің?

– Сосын анам қоңырау шалды. Үйге шақырды.

Мен үйге кеттім.

– Мақсат жайлы біреуге айттың ба?

– Жоқ. Айтпадым.

– Неге жедел жәрдемге қоңырау шалмадың?

– Мақсат өзі біраздан соң есін жинайтын шығар деп ойладым. Анама білдірмей Мақсатқа қоңырау шалдым. Ол жауап бермеді. Анам ұйықтағасын тоғайға қайта барам деп ойладым. Күтіп жаттым. Ұйықтап қалғанымды байқамадым.

– Содан кейін не болды?

– Ерtesіне Мақсат сабаққа келмеді. Мен тоғай-ға қайта бардым. Мақсаттың сүп-суық боп жатқа-нын көрдім. Не істерімді білмедім. Қашып кеттім.

– Мүсілімнің сөмкесіне «Мақсат өлді» деген сөз жазылған қағазды кім салды?

– Білмеймін.

– Болды! Жетер! Сұрақ қоя бермеңдер! Біз үйге барамыз. Адвокатпен бірге келеміз,– деді анасы.

– Медет үйге бармайды. Менімен бірге бара-ды, – деді тергеуші.

– Жоқ!

Анасы полковникке тарпа бас салды. Көкесі жесір женгенсін әзер ұстап үлгерді. Әйелдің жұды-рығы Қайсеновтің самайын сипап өтті.

\*\*\*

Мүсілімнің сөмкесіне Медеттің бірдеңе салға-нын байқаған адам бар болып шықты. Он бірінші мамыр күні оған белгісіз телефоннан біреу бірне-ше рет телефон соққаны анықталды.

Медет анасымен бірге қаланың шеткі ауда-нында пәтер жалдап тұрады екен.

\*\*\*

– Медет, сен Мақсатты не үшін тептің? – деп сұрады Қайсенов адвокаттың қатысуымен жауап алып отырғанда.

– Мен қарсымын! Сіз балаға психологиялық қысым жасап жатырсыз. Медет Мақсатты теппе-ген. Олай деуге ешқандай айғағыңыз жоқ, – деді адвокат шыр-пыр болып.

– Ол... Ол тым өзінше боп жүретін. Мені де, басқаларды да жиі кемсітетін. Бізді «корқақ-сындар» деп сөгетін, – деді Медет.

Түрі боп-боз. Меніреу адамдай болып отыр.

– Сол үшін тептің бе?

– Иә... Мен сізге о баста шынымды айтқан едім ғой...

Бозбала анасына көз қиығын салды да, бетін алақанымен басып, еңіреп жылап жіберді.

**Болай БЕРДИЕВА**

ЗАҢ

газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**  
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**  
**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы  
87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек  
Рахманов  
8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**

Тапсырыс № 119 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31